Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.1, ч.2 – Б. 74-75

ТҰРҒЫН УЙ-КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ЭНЕРГИЯ САҚТАУ ШАРАЛАРЫ

Набиева Д.К.

Республиканың тұрғын үй секторы жалпы ауданның 280 млн. шаршы метрін санап шығарды, оның 97,4 %-ы жеке меншік мүлкінде (Қазақстан Республика Агенствосының статистика бойынша мәліметтерінен алынған).

Көп пәтерлі тұрғын үйлер жөндеуден өтілуі тиіс, ал 3,8 млн. шаршы метр (2%) бұл- болашақта қолдануға келмейтін құлатуға жататын апаттық жағдайдағы үйлер болып келеді.

Тұрғын үй секторы жіберілген жылу энергиясының 40%-ын тұтынады. Осыған байланысты сараптық бағалауларға жүгінсек, тұрғын үйлердегі өндірістік емес жылу шығындары 30%-ды құрайды, ал бұл дегеніміз тұрмыстық қызметтерге артық төлеу.

Қазіргі кезде көптеген көп пәтерлі тұрғын үйлерде жылу үнемдеу жоспарындағы жылу есептейтін жалпы тұрмыстық аспаптар, автоматтандырылған пункттер орнатылмаған. Сонымен қатар, тұрғын үйлерде жылуды реттейтін қазіргі заманға лайық жүйелер де жоқ.

Статистика бойынша, Қазақстанда тұрғын үйдің 1 шаршы метрін жылыту үшін Швеция, Германия және Финляндия елдерімен салыстырғанда, 5 есе артық энергия жұмсалынады.

Тұтыну үрдісіндегі энергия сақтау мәселесі қазіргі таңда көкейкесті мәселе болуда, өйткені негізгі потенциал тұтыну секторына жұмылдырылған (өнеркәсіптік, ауыл шаруашылығы, көлік, тұрғын үй және бюджеттік сектор). Әрбір сала субъектілері энергия сақтау және энергия тұтыну тиімділігі бойынша шаралар қарастыру керек.

Энергияны үнемдеуге бағытталған шаралар қатарындағы тұрғын үйдің энергетикалық тиімділік дәрежесін анықтайтын энергетикалық тексеруді жүргізу ең маңызды шара болып табылады.

Энергетикалық аудит 2020 жылдарға дейін ұйымдастырылған жаңғырту Бағдарламасының маңызды бөлігі болып табылады.

Баяндамада тұрғын үйлерде энергетикалық тиімділігін арттыру мақсатында жүргізілген энергетикалық аудит кезеңдері мен есептерінің нәтижелері көрсетіледі.

Ғылыми жетекші М. А. Шүкіралиев